

Р2007

10594

Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ

**Байырғы түрік  
жазуының  
генезисі**



**Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ**

**Байырғы түрік жазуының  
генезисі**



**АРЫС**

Астана

2007

**ББК 81.2-5**  
**С 22**

Редактор: профессор Х. Әбжанов,  
филология ғылымдарының кандидаты Ғ. Әнесов.

Қазақстан Республикасы  
Ғылым, білім министрлігінің бағдарламасымен шығарылды.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
“Еуразия” гуманитарлық ғылыми зерттеулер орталығы  
“Отырар” ғылыми кітапханасы

С 22 Сартқожаұлы Қ,  
Байырғы түрік жазуының генезисі. Лингвистикалық ғылыми әдебиет. — Алматы:  
“Арыс” баспасы, 2007. — 304-бет.


ISBN 9865-17-424-5

Монографияда Орталық және Орта Азияда ежелгі дәуірлерден тас бетінде сақталған көне таңбалар мен байырғы түрік әліпбилерін сараптап, бітігтің шығу тегі қақында жаңа көзқараспен жаңаша тұжырым жасалған.

Монография түріктанушы, тілші, тарихшы, философ, этнограф, археологтар мен жазу тарихын, тіл тарихын қызықтаушы қалың оқырманға арналған.

ББК 81.2-5

С  $\frac{4602000000}{00(05)-07}$



ISBN 9865-17-424-5

© Сартқожаұлы Қ., 2007  
© “Арыс”, 2007.

## МАЗМҰНЫ

<b>СІРІСПЕ</b>	<b>3-4</b>
<b>БІРІНШІ БӨЛІМ</b>	
Байырғы түрік мәтіндерінің зерттеулеріне шолу	
1.1 Байырғы түрік мәтіндерінің зерттелуі	5-17
1.2 Түрік графикасының шығу тегіне қатысты зерттеулер	18-26
1.3 Ежелгі және байырғы түрік жазуы туралы қытай деректер	26-33
<b>ЕКІНШІ БӨЛІМ</b>	
Түрік этносының қалыптасуы	
2.1 Ежелгі түркі тарихына шолу	34-51
2.2 Ежелгі және байырғы түркі тайпалары	51-55
2.3 Түрік, Ашна этимология және Ашна туралы аңыздар	55-67
2.4 Түрік тағы (хандығы)	67-79
2.5 Түрік қағанатының мемлекеттік тілі	80-87
<b>ҮШІНШІ БӨЛІМ</b>	
Ежелгі еуразия көшпелілерінің жазу мәдениетінің бастаулары	
3.1 Фразограммалар	88-92
3.2 Логограммалар	92-95
3.3 Силлабограммалар	95-109
3.4 Фонограммалар	109-121
3.5 Реформадан кейінгі байырғы түрік бітіг нұсқалары	121-146
	146-178
<b>ТӨРТІНШІ БӨЛІМ</b>	
Байырғы түрік ескерткіштер тілінің фонологиялық жүйесі	
4.1 Фонологиялық жүйе және түркілік дүниетаным	179-182
4.2 Байырғы түрік фонетикасы	182-215
4.3 Фонологиялық жүйесі	215-233
Қорытынды	234-237
Пайдаланылған әдебиеттер	238-256
Қосымшалар	257-301

## КІРІСПЕ

Түркі этносының мәдени-рухани құндылығы болушы, байырғы түрік бітігі (жазу=tunik) түркі халықтарының әлем өркениетіне қосқан қомақты үлесінің бірі.

Осы құндылықтың шығу тегіне байланысты батыс ғалымдарының тұжырымдары еуроцентрист көзқараспен сыңаржақ болып келді. Еуропаның түркітанушылары байырғы түрік бітігін арамей, семит, соғды жазуынан шыққан деген дәлелсіз, дәйексіз сараптамалар жүргізумен болды. Олар түркі халықтарын рухани құндылық жасайтындай деңгейге көтеріле алмаған халықтар қатарына қосты. Осы сыңаржақ тұжырымдарға сараптама жасай, байырғы түрік бітігінің шығу тегіне байланысты өз ұсынысымызды осы монографияда беруді жөн көрдік.

Шығысы Сарезеннен батысы Шығыс Еуропа аралығындағы ежелгі көшпелілердің атамекенінен 1960 жылдардан кейін табылып, ғылыми айналымға түскен тарихи құндылықтар мен автордың отыз жыл бойы Орталық және Орта Азияға жүргізген экспедициялардың нәтижесінде жинақталған мәдени-рухани байлықтары жаңаша тұжырым жасауға итермеледі.

1969 жылы Кеңестер Одағының үлкен ғалымы, археолог А.П.Окладников Монгол Алтайдың Хойт-Цэнхэр үңгіріндегі сызба суреттерді зерттеп палеолит дәуірінің мұрасы екенін анықтады. Хойт-Цэнхэр суреттері Еуропаның Фон-де Гом, Ляско, Кастило, Трех Братьев, Альтамир үңгірлерінің суретімен бірдей болған.

Хойт-Цэнхэр үңгірінің суретін салушылар арысы алтай тектілердің, берісі түркілердің ата-бабалары. Олар сол жерден ешқайда көшіп кетпеген. Бірлі жарым ұрпақтары кетсе де, басым көпшілігі сол тұрғылықты мекенінде қалған. Хойт-Цэнхэр мұрасы түркілердің сызу, жазу өнерінің басы. Палеолиттен бастау алған рухани жасампаздық неолит, энолит, қола, темір дәуірлерінде дәстүр жалғастығын үзбей орта ғасырға дейін жеткенін археологтар ғылыми еңбектерінде дәлелдеді.

Еуразия далалық ареалындағы тас бетіндегі құндылықтар тек қана түркі, монгол көшпелілеріне тән. Көшпелілердің тас бетіне қашап, сызып қалдырған қалайы, күміс, алтынға шыңап салған таңбалары кейін байырғы түрік бітігтің жекелеген әріптеріне айналған. Міне, осы мәселеге байланысты нақты сараптаулар монографияда егжей-тегжейлі сараланды.

Қолға жинақталған мол деректерге сүйене отырып байырғы түрік бітігтерінің әрбір әліпбиінің кескіндері қолданыста болған дәуірі, заманы көрсетілді. Әріп кескіндерінің шрифтісі тарихи мұрада қалай жазылып қашалса, дәл сол қалпы өзгертілмей берілді.

Байырғы түрік майда бітігтердің заманын, дәуірін археологтар археологиялық олжалар немесе таңбалары арқылы белгілеп келген еді.

Монография авторы бітігтердің әліпбиінің ішкі, сыртқы формасына сараптама жасай отырып, реформадан бұрынғы немесе кейінгі жазулар екенін анықтауға тырыстық. Онымен қатар байырғы түріктердің дүниетанымын дәйектеп, қалыптасқан сол жүйенің нәтижесіне байырғы түрік бітіг жазуының грамматикасы жасалғанын ғылыми тұрғыда дәлелдеуге ниет еттік.

Монографияда Орхон мәтіндерінің тіліне фонологиялық сараптаулар жасалып, түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тіл тобына кіру мүмкіндігі мол екендігін көрсеттік.

Еңбекті оқып, талқылап, ғылыми құнды пікір ұсынған академик Ә.Т.Қайдар, филология ғылымдарының докторы, профессор К.Ш.Хусайнов, Ә.Жүнісбек, Ж.А.Манкеева, З.М.Базарбаева, Б.Сағындықов, М.Малбақов мырзалар мен ханымдарға рахметімді білдіремін.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### БАЙЫРҒЫ ТҮРІК МӘТІНДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ ШОЛУ

#### 1.1 Байырғы түрік мәтіндерінің зерттелуі

Ресей империясы шексіз шетсіз көсіліп жатқан ұлан байтақ қазақ даласы мен тұңғиық жұмбақ әлем Сібір, жыныс орманы мен жыртылып айырылған аңымен таңқалдырған Қиыр шығыс өлкесін отарлау, игеру, оған орыстарды қоныстандыру саясатын жүзеге асыру барысында өркениет өрісіндегі зиялылардың көзіне байырғы түркі жазу мұралары түсті. Сібір іспетті беймәлім әлемді иеленуге белсене кіріскен Ресей империясының ғалымдары небір деректерді жинап, осынау өңірді түп-тұқиянына дейін зерттеп, картаға түсіре алды.

Байлығы мен барлығы, құпиялығы мен беймәлімділігі әлемді қызықтырған Сібір батыстың да көзқұртына айналды. Түрлі мақсатпен мамандарын, саяхатшыларын жіберіп жатты. Солардың бірі голландиялық әуесқой Николаса-Корнелиссон Витсен (1641-1717) Москваға, одан Сібірге аяқ басты. Н.К. Витсен Сібір жерінде қолына түскен тас бетіндегі ғажайып суреттерді, беймәлім жазуларды және Сібір халықтары, оның тілі, дәстүріне байланысты құнды құжаттарды жинап, жария етті [400]. Сібір және Қиыр шығыс туралы алғашқы жинағы 1692 жылы, "Солтүстік және шығыс татария" атты екінші кітабы 1695 жылы жарық көрді [94.37]. Бұл еңбектер 1785 жылы қайта басылып шықты. Зерттеуші 1690 жылы 29 қарашада Ұлыбритания Корольдігінің Ғылыми қоғамының президенті Роберт Соутвельге хат жазып, өзінің жинаған мәліметтерін жеткізді. Онда: "Бұдан 28 жыл бұрын мен әр нәрсеге қызығушылық, әуесқойлығыммен Ресейге бардым. Мен тек қана орыстармен ғана емес, татарлардың (көшпелілердің) әр алуан тайпаларымен қатынаста болдым. Онда болғанымда Москва хақында және басқа елдер туралы материал жинадым. Әлемнің ең алыс Қиыр солтүстігі мен Шығыс-солтүстігінен хат алысатын жол тауып, алуан түрлі әдіспен мәлімет жинауды күні бүгінге дейін жалғастырып келемін" [400.63], - деп жазған екен. Хатта Верхотурья маңында жартас бетіне жазылған суреттер мен беймәлім құпия жазулар сақталғаны, онда тұратын қариялар бұл өлкеде жүздеген жылдардан бері мекендеп келе жатқанын айта келіп, жазу- сызу туралы, оны кімдер, қай уақытта сызып жазғаны хақында ешқандай мәлімет айта алмайтынын, тұрғындар бұл жерді "Бітіг тас" деп атайтынын, онда тұратын вогулдар мен басқалар да тәңірлікке құрбандық шалып, тасаттық беретін әдет-ғұрып бар екенін мәлімдейді [94.38]. Әйткенмен, бұл жер Сібір емес, Орал маңы екендігі артынан анықталды. Верхотурья - Орта Оралдың шығыс сілемі, "Сібір қақпасы" атанған Тур өзенінің басына жақын орналасқан елді мекен. Верхотурье қалашығының іргетасы Витсеннен кейін 1698 жылы қаланған [94.38]. Голландиялық Н.К. Витсеннің сапары тұсында – 1690 жылдары орыстың белгілі географы, этнографы С.У.Ремезов әр түрлі мәліметтерді болашақ "Сібірдің сызба

кітабы" ("Чертежная книга Сибири") үшін жинап, оны 1693-1703 жылдар аралығында дүниеге әкелді [54.13]. Онда Сібірдің әр жеріндегі тас бетіндегі суреттермен бірге беймәлім құпия жазулар туралы мәліметтер берілген. С.У. Ремезовтың картасында "Орхон тасы" туралы да мәлімет бар. Бір қызығы ол "Орхон тасы" Қазақстан мен Қырғызстан аралығындағы Талас өзенінің бас жағында орналасқан деп көрсеткен [107.24]. Біздің ойымызша, жинаған мәліметтерді сұрыптаған кезде С.У. Ремезов "Орхон тасы" деген мәліметті Талас жазуымен шатастырған сияқты. "Орхон тасы" туралы XIII ғасырда монгол жерінде болған Ата-Малик Жувейни өзінің "The history of the World-Conquerer" атты еңбегінде: Орхон бойынан беймәлім жазуы бар ескерткішті (әйкіл) көргенін, оны оқитын адам таппағаны туралы жазып қалдырған.

Бұлардан кейін Константинополь мен Падуеде білім алып, Германия мен Швецияда өмір сүрген, өзін грекпін деп атаған, молдаванның білімді жанұясында туып өскен Николай Гаврилович Спафарий (Милеску) 1671 жылы Мәскеуге келеді. 1675 жылдың басында Қытайдағы Орыс елшілігін басқарады. 1678 жылы қайта оралды. Ол елшіліктің тапсырмасымен бірнеше географиялық еңбектер жазды. Соның бірі – "Сібір хандығының Тобыл қаласынан Қытай шекарасына дейін жасаған саяхаты туралы кітап". Бұл еңбек ресейліктер тарапынан көзбен көріп жазылған Сібірдің географиялық алғашқы толыққанды анықтамасы [141.45]. Кітабында: "Үлкен белді асып түскенде, Енисей шатқалына тап боласыз. Осы шатқалдың жартас бетіне қашалып жазылған беймәлім жазулар бар. Жазулардың арасына крест бейнесі салынған. Онымен қатар қолдарына найза ұстаған адамдардың суреті қашалған. Бұларды қай заманда, кім жазғанын ешкім білмейді" [141.45], – деп жазыпты автор. Осылайша, Н.Г. Спафарий көне түркі руникасы туралы деректерді алғаш батысқа жеткізушілерінің бірі болды.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Ресей императоры I - Петрді Сібірдің археологиясы, жер асты қазба байлықтары қатты қызықтырғаны белгілі. Сондықтан да ол байырғы мұраларды жинау, қорғауға байланысты әлденеше рет шешім қабылдаған еді. 1718 жылы қорғандарды тонауға тиым салынатынын белгілей келіп тарихи заттық бұйымдарды, "жазулы тастарды" Кунсткамераға жинауға пәрмен береді [141.25-30]. Бір жылдан кейін I Петрдің шақыруымен данцигалық (Гданьск) зерттеуші Данил Готлиб Мессершмидт (1685-1735) Ресейге келіп, Сібірді зерттеу ісін қолға алады [188.28]. Ол әрі дәрігер, әрі ботаник, әрі филолог адам еді. Мессершмидт басқарған Батыс Сібір, Дағур, Монголияны зерттеу – ғылыми экспедициясы 7 жыл жұмыс істеді. Ол тарих, тіл, этнография, география, ботаника, басқа да ғылым салаларының көптеген деректерін Сібір, түркі, Орта Азия халықтарының қолындағы ондаған қолжазбаларды және этнографиялық заттық мұраларды жинап, Петербургтегі Кунсткамераға тапсырған екен. Өкініштісі соншалық құнды бұл дүниелер 1747 жылы Кунсткамера өртенгенде бірге жойылды [141.48]. Мессершмидтің қолжазбалары



Петрбургте сақталып (ЛО. ААН, ф.98, №20. л.66-83, 84-89; №35;39), кейін 1782 жылы П.С. Палластың құрастыруымен ретке келтіріледі. 1962, 1964, 1966, 1968 жылдары Берлинде жеке кітап болып, әлденеше рет басылып шықты [141.48]. Оның қолжазбаларында Сібірдегі көне түркі руналық жазулар туралы мол деректер қамтылған.

Д.Г. Мессершмидтпен қатарлас Швед армиясының капитаны, Ресейдің тұтқыны болған Филипп Иоганн Табберт (Страленберг) (1676-1747) 1711 жылдан Сібірдің Тобольск қаласында 12 жыл өмір сүрді. Ол Сібір халықтарының тілі, тарихы, әдет-ғұрпы, көне мұрасы, археологиясы, Сібірдің географиясы хақында мол дерек қалдырды. Оның "Ұлы татарияның жаңа географиялық анықтамасы", "Европаның солтүстік және шығыс бөлігі" (1730 жыл) атты еңбектері дүниеге келді. Бұл еңбектер сол кезде Еуропа оқырмандарының ортасында үлкен қызығушылық тудырып, 1738 жылы Лондонда ағылшын тілінде, 1757 жылы француз тілінде, 1780 жылы испан тілінде жарияланған. Бұл еңбектер ғалымның атын ғасырлар бойы ғылым әлемінде көтеріп келеді. Ол Енисей жазуларының біраз нұсқасын сол қалпымен өркениет әлеміне жеткізді. Жазулар Скандинавия руникалық жазуына ұқсас болғандықтан алғаш рет оны "руника" деп атады [204.5-6]. Атау соншама дұрыс қойылмаса да үш ғасырға жуық өзінің мән-мағанасын сақтаумен жалғасып келеді. Қысқасы, Д.Г. Мессершмидт, Ф.И. Страленберг, Карл Шульман еңбектері Батыста үлкен көзқарас туғызып қана қойған жоқ, байырғы құпия жазуларға қызықтаушылардың санын көбейтіп, назарын аударуға үлкен ықпал жасады.

Байырғы түркі жазба мұраларын ашуда және оған ғылыми талдау жүргізуде патшаның қолдауына сүйенген, Ресей ғылымын өркендетуге үлкен үлес қосқан шығыстанушы Готлиб Зигрфрида Байердің еңбегі айрықша мәнді. Ол Уйбат бойындағы № 3, 4, 5 жазулар мен Туба (Тыба) өзенінің бойындағы № 1, 2, 3 ескерткіштерді зерттеп, өз тұжырымын ұсынды [107.32.49].

XIX ғасырдың басында көне түркі жазуларын іздестіріп, жариялауға көптеген саяхатшылар мен әуесқойлар атсалысты. Солардың ішінде Григорий Иванович Спасскийдің (1783-1864) орны бөлек. Ол "Сибирский вестник" журналына (1818, ч.І. с. 67-85; ч.ІІ. с.147-177; ч.ІІІ. 39-94; ч.ІV. с.167-182; 1819, ч.VІІІ. с.1-28) Саян және Минус мүйісінен табылған құпия жазуларды жариялап, кейін "Древности Сибири" деген атпен жеке жинақ етіп басып шығарды [107.235]. Бұл еңбек латын тіліне аударылып, "Inscriptiones Sibiricae" деген атпен 1822 жылы қайта басылды. Латын тіліндегі Г.И.Спасскийдің еңбегі Францияның шығыстанушы ғалымы Абель-Ремюзаның және басқадай зерттеушілердің назарын аударды [107.236].

Осылайша Сібір-Енисей құпия жазуларына байланысты көптеген ғылыми мақалалар Батыста жарияланып, белгісіз өркениеттің иесі кім екені туралы пікір айтушылар молайды. Ол мұраларды грек, герман, сақ, гунн, скиф, фин, келттердің қалдырған мұрасы деп қарағандар да болды.



Финдіктердің мұрасы болуы мүмкін деген ой Фин-угор тектілердің қызығушылығын күшейтті.

Батыста М.А. Кастреннің финно-угорлардың байырғы атамекені Алтай, Сібір болуы мүмкін деген тұжырымы [275.45] көптеген Фин ғалымдарының қызығушылығын оятып, ғасырлар қойнауындағы өркениеттің ізін тауып, сол арқылы баба финдіктердің жасап кеткен мәдениеті екенін дәлелдеуге итермеледі. Сібірден табылған құпия жазуға байланысты ғалымдардың алуан түрлі болжамының (гипотезасының) ықпалымен 1883 жылы Хельсинкиде ғылыми зерттеу "Фин-угор қоғамы" құрылды. 1887 жылы Фин археологтары Иогонн Рейнгольд Аспелин (1842-1915), Отто-Хельмар Апеельгрена-Кивалолар (1853-1937) Енисейдің құпия жазуын іздестіру, ғылыми зерттеу жұмысын бастады [292.93-96]. Жазғы екі тоқсан жұмыс жасаған ғылыми экспедиция Сібірден 32 жазуды тауып, 1889-жылы финляндиялық көрнекті ғалым Отто Доннер (1835-1909) Енисей жазуының ең алғашқы атласын жариялады [94.42].

1270 жылдары Монголияда болып, Күлтегін ескерткішін көзімен көрген Ата-Малик Жувейни монгол жеріндегі Орхон ескерткіштері туралы мәлімет қалдырғаннан кейін арада алты ғасырды артқа тастап, оларды әлемге паш ету бақыты ресейлік саяхатшы-барлаушылар Н.М. Ядринцев пен Д.А. Клеменцтің пешенесіне жазылыпты.

Сібірлік тума талант, көсемсөз шебері, Батыс Сібір және Шығыс Сібір Географиялық қоғамның көрнекті қайраткері Н.М. Ядринцев (1842-1894) Сібір халықтарының этнографиясымен қатар тарихи-археологиялық мұраларын зерттеуге, оны тауып, бағын ашуға ерекше еңбек сіңірді. Байырғы тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылық Н.М.Ядринцевті Монголия жеріне сапар шегуге итермеледі. Сөйтіп, 1879 жылы Шығыс Сібір Географиялық қоғамының тапсырмасымен төрт серіктесін ертіп, орталық Монголияға сапар шегеді. Ғылыми тапсырма Шыңғыс әулетінің астанасы Қарақорымның орнын анықтау және археологиялық барлау жүргізу еді.

Орхон дариясының оңтүстік жағасына орналасқан "Қарабалғасун" деп аталатын көне қаланың бүтін тұрған қабырғасы, оның орталық бөлігіндегі хан Ордасы Н.М. Ядринцевтың назарын ерекше тартады. Қаланың алдыңғы бұғаты (партолы), оңтүстігіне шұбырта орналастырған қарауыл мұнарлары оны таң қалдырады. Н.М.Ядринцев өз белгілеуінде ары қарай былай деп мәлімдейді: "Қала қабырғасының оңтүстік жағында 600 аттам жерде кісі қолымен қазылған ордың жанында дөңес үстіндегі алып гранит сынықтары біздің назарымызды аудартады. Бұл гранит тастарды барлай қарағанда оның бетінде ұлудың (айдаһар) ойып түсірген пішін суреті болды. Оның қасынан ұлудың бас бейнесін қашаған гранитті таптық. Бұл гранит сынықтарды өзара қиюластырғанда әйкіл монументтің ұшар басына орналастырған айдаһар пішіні екені анықталды.

Ол тастардан бізге Енисей қорғандарынан таныс руналық белгілерді көрдік. Граниттің басқа сынықтарынан қытай иероглифін және монгол жазуына ұқсас жазуларды кездестірдік [286.79-80].



Н.М.Ядринцев Қарабалғасунда екі жұма болған кезде жергілікті монголдардан осыған ұқсас ескерткіштер жақын маңда тағы бар екендігі туралы дерек алады. Сөйтіп, Ядринцев Орхонның сол жақ шығыс бетіне орналасқан Көшө-Цайдамдағы екі алып ескерткішке тап болады. Ол ескерткіштің бір бетінде Енисей қорғандарында кездесетін құпия жазу, екінші бетіне қытай иероглифі қашалған. Әйкілдің маңында адам және аңдардың мүсіні кескінделген тұнжырларды, қорғанның сілемін кездестіреді. Сөйтіп, Н.М. Ядринцев 40 жол құпия жазу мен қытай иероглифінің көшірмесін алып қайтады [286.79-81]. Н.М.Ядринцевтің тапқан ескерткіш бетіндегі руна жазуының литографиялық көшірмесі ғалымдар ортасында үлкен сенсация тудырды. Николай Михайловичтің ғылымдағы ашқан аса үлкен бұл жаңалығы Батыс ғалымдарының құпия жазуға деген қызығушылығын одан әрмен үдетті. 1890 жылы қаңтардың соңында Мәскеу қаласында ұйымдастырылған VIII халықаралық археология конгресінде Орхон бойынан жаңадан табылған құпия жазу ескерткіштер туралы толық мәліметті Н.М. Ядринцевтен И.Аспелин, О.Доннерлер алады. 1890 жылдың 15 мамыр күні И. Аспелиннің ғылыми қызметкері Аксель Олай Гейкель (1851-1924) Монголияға барып, тамыздың соңына дейін зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында Қарабалғасун (Орду-балық)-дағы үш тілде (қытай, соғды, түркі) жазылған ескерткіш пен Күлтегін, Білге қаған әйкілдерінің эстампажын (қалып), ескерткіш маңындағы мүсінтастарды фотоға түсіріп, сызба суреттерін жасады [292.97-98]. 1892 жылы Фин зерттеушісі О.А.Гейкель "Inscription de L'Orhon recueillies par l'expedition Finnoise 1890 et publiees par Societe Finno-ougrienne (Helsingfors.1892)" атты алғашқы Орхон атласын жариялады [337].

1890 жылдан "Фин-угор қоғамы" мен Ресей Ғылым Академиясы арасында ғылыми бәсекелестік күшейе түсті. Ресейліктерді алдына түсірмей-ақ, алғашқы Енисей құпия жазулары атласын [329], енді Орхон жазуларының алғашқы атластарын Фин-угорлықтар өздері бірінші болып әлем ғылымына ұсынып үлгерді. Н.М. Ядринцев пен А.О. Гейкель экспедицияларының жинақтаған материалдары құпия жазудың кілтін табуды жылдамдатуға мүмкіндік туғызды. Өйткені, бұл ғалымдар сол замандағы ғылымның ең соңғы мүмкіндігін пайдаланып, литографиялық көшірме жасап, эстампаждар алды. Онымен қатар, құпия жазуы бар ескерткіштің екінші бетіндегі қытай иероглифімен жазылған мәтіндер руна жазудың құпиясын ашуға негіз болды. Нәтижесінде ғылым әлемінде Мысырлық көне жазуларының кілтін тапқан әйгілі Гротефенда мен Шамполлионаның есімдерімен қатар аталатын үшінші адам туды. Финдіктердің атласына Көше-цайдамның екі ескерткішіндегі қытай мәтіндерінің алғашқы толық емес аудармасын П.Попов, Г.Габеленцлер беріп үлгірді. Бұл аудармалар арқылы 200 жыл бойы әңгіме болып, құпиясын сақтап келген беймәлім жазулар б.з. VIII ғасырда билік құрған Түркі қағанатының мұрасы екені анықталды. Ал Орхонның екі ескерткіші Түркі қағанатының қағаны Могилян (Біліге қаған)



және оның бауыры Кюе-деленің (Күлтегін) құрметіне қойылған мұралар болып шықты.

Ресей Ғылым Академиясының ғалымдары да қарап жата алмады. Олар да шарқ ұрып, Монголия экспедициясын жабдықтау үстінде болды. Сөйтіп 1891- жылы В.В. Радлов бастаған Ресей экспедициясы монгол жеріне, аңызға айналған Орхон дариясына жетті. Экспедицияның құрамында Орхонды ашушы әйгілі саяхатшы Н.М.Ядринцев, Хакасиядағы Минус мұражайының қызметкері, белгілі зерттеуші, Сібір археологиясының білгірі Д.А.Клеменц (1848-1914), фотограф, суретші С.М.Дудин, капитан, топограф И.И. Щеголев, фотограф А. Вильборгтар жұмыс жасады.

В.В. Радлов бастаған Ресей ғалымдарының атласты тез арада баспаға беруге асыққаны соншалық, экспедиция үстінде жол жөнекей эскизін жасатып, сызба суреттерді С.М.Дудинге дайындатып үлгерді. Экспедиция екі ай жүріп алға қойған міндетін орындап Петербургке қайтты. Өкінішке орай, еліне келгенше таспаларының біразы жарамсыз болып қалды. В.В. Радлов атласқа Н.М.Ядринцевтің табан астында фото шығаратын аппаратымен алынған фотоларға қоса А.Видборгтың өзіндік әдістемесі мен тәжірибесінің арқасында қол жеткен фототиптік суретін беруге мәжбүр болды. Тас бетіндегі белгілерді, жазуларды үстінен қайта өндеп, фотоға анық түсетіндей жасап, суретке түсірді. Осылайша ескерткіш мәтіндерінің барлығы фототиптік әдістемемен берілді. А. Позднеевтің үйреткен қалып алу (эстампаж) әдістемесі де Орхон экспедициясына үлкен көмек болды. Атласқа берілген өңделген фототиптік фотомен эстампаж суретін қатар басылып отырды [203].

В.В.Радлов Көше-Цайдамдағы Күлтегін, Біліге қаған кешендерінің мүсінтастарының суретін, фотосының тізімін берді. Бірақ оның археологиялық анықтамасын жасап үлгермеді. В.В. Радлов бастаған Орхон экспедициясы көптеген жұмыс атқарғанымен, археологиялық мұраларға байланысты түсініктері, пайымдары төмен болғанын атап өткен дұрыс. Бұған, әрине, кешірімділікпен, түсіністікпен қарау керек. Өйткені, ол кездегі археология түркітану ғылымының іргетасы ретінде жаңа қаланып жатқан дәуір болғандықтан оған ғылымның бүгінгі биігінен баға беруге болмайды. Сондықтан В.В. Радловтың археологиялық пайымдаулары мен байырғы түркі мәтіндерінің оқылуына байланысты зерттеулерін ғылым жетістігін пайдалана отырып, алға қарай жетілдіру бүгінгі зерттеушілердің міндеті болмақ. Бұл арада В.В.Радловтан соң оның шәкірттері, ізбасарлары байырғы түркі мәтіндерін оқуда, талдауда жемісті еңбек еткенін айта кеткен абзал.

Сөйтіп, Ресей ғалымы В.В. Радловтың "Атлас древностей Монголии" еңбегі финдік А.О.Гейкель атласының өкшесін баса, 1892 жылдың соңын ала жарық көрді.

Осы екі атлас өмірге келгеннен кейін Дания азаматы, Копенгаген университетінің профессоры, тіл білімі ғылымын жетік меңгерген, аса талантты ғұлама ғалым Вильгельм Томсен (1842-1927) 1893 жылдың 25



қараша күні құпия жазудың кілтін тапты. Түркітану ғылымының маманы болмағанмен мұндай үлкен жаңалық ашу – В.Томсеннің кеменгерлігі, әрі ғылымдағы даналығы. Ашқан жаңалығын В.Томсен Данияның Корольдық Ғылым Академиясы Президиумының алдында 1893 жылы 15 желтоқсон күні баян етті. Бұл жаңалығы 1894 жылдың басында (қаңтар айында) "Bulletin de L'Academie Royale des sciences et des Lettres de Danemark, 1893" журналына "Dechiffrement des inscriptions de L'Orhon et de L'Ienissei. Notice preliminaire. Par Vili. Thomsen" деген атпен жарияланды. Томсеннің мақаласы В.Р.Розеннің аудармасы арқылы орыс тілінде "Записки Восточного Отделения И.Р. Археологического общества. т. VIII. с. 327" журналына жарияланды. Сөйтіп, 1825 жылдары Г. Спаскийдің "Ерте ме, кеш пе, Сібірдің байырғы мұралары өзінің Шамполионын тудырады", -деген сөзі шындыққа айналды.

Дания ғалымы В. Томсен мен Ресейлік үлкен ғалым В.В. Радлов Орхон ескерткіштері туралы үнемі пікір алысып, хат жазысып тұрды. 1893 жылы 25 қарашада Орхон мәтіндерінің кілтін тапқан В.Томсен, ғылыми кеңеске баяндама қоярдан бұрын, В.В. Радловқа өзінің жаңалығын хабарлап үлгереді. Ғылыми кеңестен соң құпия жазудың кілтін қалай тапқаны туралы жаңалығын В.В. Радловқа бүкпесіз жазып жіберді.

Радлов, Томсеннің ашқан жаңалығын толық пайдалана отырып, оның рұқсатын алмай-ақ Күлтегін ескерткішінің алғашқы аудармасын жасап, 1894 жылдың 19 қаңтар күні Петербург Ғылым Академиясының Президиумының алдында паш етті. 1895 жылы "Die altturkischen inschriften der Mongolei" (1894-1895) атты сериялық еңбектерінде жариялады.

Бұдан кейін В.Томсеннің денсаулығына ақау түсіп, біраз уақыт сырқаттанып жатып қалды да [212.12], кешігіп барып 1896 жылы "Inscription de L'Orkhon" екінші еңбегін "Memories de La Societe Finno-Ougrienne.V" (Helsingfors.1896) серияда жариялады. Томсен байырғы түркі жазуындағы әріптердің мәнін, дауысты, дауыссыз дыбыстар, әріптің шығу тегі, екі ескерткіш мәтіндерінің транскрипциясын, аудармасын, түсініктемелерін толық ұсынған. Онымен қоса қытайша "ту-кю" деп атаған халық "түркі" екенін дәлелдей отырып, түркілердің VII-VIII ғасырдағы саяси тарихын, әдет-ғұрпына байланысты зерттеулерін қытай нұсқаларымен салыстыра зерттеп жазып шыққан. Ескерткіштің сипаттамасын, хронологиясын, оның сөздігін, грамматикасын толық жасап ұсынды. Мақаласының соңында ресей зерттеушісі В.В.Радловтың тым асығыстық жасап, мәтіннің транскрипциясы мен аудармасында көп қате жібергеніне өкініш білдірген [212.19]. Әрине, В.В. Радловтың бұл жаза басуы ғылымдағы ішкі бәсекелестіктің салдары болуы мүмкін. В.Томсеннің еңбегінің ең қажетті деген бөлімдерін пайдалана отырып, талантты ғалым П.М. Мелиоранский көп кешікпей-ақ өзінің диссертациясына түпнұсқадан аударып енгізді [168].

1896 жылы жарық көрген Томсеннің еңбегімен танысқан В.В.Радлов өзінің жіберген қателігін түсініп, шәкірті П.М.Мелиоранскиймен бірлесіп,

Орхон ескерткіштерін тереңдете зерттеп, бұрынғы жасаған грамматикасын қосып, қателерін түзетіп, 1897 жылы қайта жариялады [205]. Осылайша, В.В. Радлов 1892-1899 жылдар аралығында тым ілкімділік танытып, күндіз-түні байырғы түркі жазуларын оқи отырып, Орхон ескерткіштерінің 4 томдық атласын неміс [371,372,373,375,376], орыс тілінде [203] (әрқайсысы 4 томнан 8 том) жазып шығарды.

Радлов аса еңбекқор ғалым еді. Өз дәуірінде филология саласында одан асқан бейнетқор да білімді ғалым ресейде болған жоқ. Осы еңбекқорлығының нәтижесінде ол Ресейде түркітану ғылымының іргетасын қалады. Ол тек байырғы түркі ескерткіштерін ғана зерттеп қойған жоқ. Ресей қол астындағы түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеп, 10 томдық еңбек, тілдерін зерттеп 8 томдық еңбек, оның сыртында сібір мұралары, ұйғыр мұралары, Жүсіп Баласағұнның "Құтадғу білік", тұрфан мұралары жайлы ұшан теңіз еңбектер қалдырған зерттеуші. Ол түркі тілінің ерекшеліктерін жақсы ұғынды. Бұндай білімдарлық пен еңбекқорлықты қатар меңгерген ғалым түркітануда Радловтан бұрын да, соң да болып көрмеген.

Осылайша Батыста В.Томсеннің, Ресейде В.В.Радловтың ізденістерімен іргетасы қаланған түркітанудың екі үлкен мектебі өмірге келді.

Ресейде Радловтың аса талантты шәкірті П.М.Мелиоранский байырғы түркі ескерткіштерінің зерттеуін бірыңғай жалғастырушы деп танылды. Ол туралы С.Н.Самойлович [212]: "Байырғы түркі ескерткіштерінің руна пішіндес жазуларын зерттеген алғашқы үш ғалымның ортасындағы ең жасы Мелиоранский болды. Оның ұстаған ғылыми әдістемелік бағыты В. Томсенге жақын еді. Өкініштісі сол, оны ғылымнан өлім ерте алып кетті",- деп жазды. П.М.Мелиоранский 1899 жылы "Памятник в честь Кюль-тегина" атты еңбегінде ескерткіштегі мәтінді тереңдете зерттеп, алдыңғы ғалымдардың ғылыми жетістіктерін жетілдіріп, мәтіннің транскрипциясын, аудармаларын жаңғыртып, грамматикасын жасады [168].

1891 жылы Н.М. Ядринцев Орталық Монголияда болып, Онгин, Асхат жазба ескерткіштерін ашты. Қарабалғасун қаласын зерттеп, Тува (Тыба) жерінен бірнеше қалашықтардың көне орындарын тапты [94.44]. 1892-1899 жылдары Санкт-Петербург Ғылым Академиясына ұсынған В.В.Радловтың бағдарламасы бойынша Д.А.Клеменц, А.Позднеевтер монгол жерінде далалық экспедициямен әлденеше рет болды. Соның нәтижесінде Д.А. Клеменц 1893 жылы Их-Асхат II, Хойт-Тамир өзенінің бойындағы "Тайхар Чулуу" жартасына қара, қызыл өнді жосамен жазылған майда жазуларды (барлығы 31 мәтін) ашса [203.4], Елизавета Николаевна Клеменц 1897 жылы Орталық Монголияның Баян-Цогт тауының бөктерінен Түркі қағанатының үш қағанының кеңесшісі болған, әйгілі дана Түй-ұқұқтың кешенді ескерткішін тапты. Осы ескерткіштердің мәтіндерін түгелдей В.В. Радлов оқып, аударып, бастырды [203.IV]. 1900 жылдан Радлов Орхон ескерткіштерімен көп айналыспай, Шығыс Түркістаннан табылған қағазда жазылған руникалармен біраз шұғылданды.



Түркітанудың бір үлкен орталығына айналған фин елінің ғалымдары іздестіру, зерттеу жұмыстарын белсенді түрде жалғастырумен болды. 1896-1897 жылдары кіші Отто Доннер (1871-1932) Шығыс Қазақстанда, Алтайда экспедициялық зерттеулер жүргізді [292.99-100]. 1898 жылы Х.И.Гейкель (1865-1937) экспедициясы Қазақстанның Талас бойында, Шығыс Түркістанда жұмыс жасап, оның нәтижелерін 1918 жылдары жария етті [292.100]. 1898 жылы үлкен О.Доннер өзінің шәкірті монголтанушы Г.И.Рамстедтті (1873-1950) Монголияға аттандырды. Рамстедт 1900 жылы Орталық Монголиядан Сүжі (жамбас) даласынан бүгінде "Сүджи" деген атпен тарихқа белгілі ескерткішті ашты. Өкініштісі сол, бұл ескерткіш кейін тың игерген кезде жойылып кетті. Г.И.Рамстедт 1909 жылы "Селигинский камень" деген атпен әйгілі болған Могойн Шинэ Ус ескерткішін ашты (МШУ) [292;101-107]. Ресей ғалымы поляк В.Л.Котвич 1912 жылы Орталық Монголия жерінен Күүлі-чор ескерткішін тауып, А.Н.Самойловичпен бірге жазған зерттеуін ұсынды. 1906-1910 жылдар аралығында "Финно-угор қоғамының" тапсырмасымен И.Г.Гране (1882-1956) Монголия, Тува (Тыба) жерінде бірнеше Енисей майда жазуларын жаңадан тауып, Монголиядағы "Тайхар Чулуу" майда жазуларын зерттеп, қайталап көшірді [319,320]. Енисей, Орхоннан кейін байырғы түрік руна жазуының үшінші үлкен қоры Шығыс Түркістаннан табылды. Оның алғашқы пионерлері Д.А.Клеменц (1898 ж.) Ярхото, Муртук жазбаларын, А.Грюнведел (1902 ж.) Идикутшари қала қирандысынан ТМ-327, ТМ-339 фрагменттері, А фон Лекох (1902-1905 жж.) Идикутшари туюк маңынан ТМ-40, ТМ-20, ТМ-14 фрагменттерді, А.Стейн (1913-1915 жж.) Турфан құмхатынан (оазис) атақты "Ырық бітігті" (Зікір қолжазбасын) тауып, біразын В.Томсеннің оқуымен ғылыми айналымға кіргізді.

Әйгілі В.Томсен 1896 жылдан байырғы түркі ескерткіштерін онан әрмен үзбей тереңдете қаузаумен болды. Ол 1916 жылы «Turcica» [387], 1922 жылы "Монголиядағы байырғы түрік жазулары" [387] еңбектерін ғылым әлеміне ұсынды. Осы аралықта В.Томсен Шығыс Түркістаннан табылған қағаз бетінде қалған байырғы мұралармен шұғылданып, Турфан мәтіндерін оқумен мықтап айналысты. Шығыс Түркістан мәтіндерін оқуға В.В.Радлов та атсалысты.

Жоғарыдағы ғалымдар өздерінің қолжазба, ғылыми баяндауларында монгол жеріндегі кешенді ескерткіштердің археологиялық мұралары қақында тізім жасағаны болмаса, тереңдеп зерттеп, археологиялық сипаттамасын бере алмады. Орхон ескерткіштеріне қытай және соғды руна, манихей мәтіндермен қатар ғылыми талдау жасалып, аудармасы, ғылыми түсініктемелері беріліп жатты. Бұл іске байланысты Г.Габелинц, Г.Девериа [337], О.Хансен [333], В.Б.Хеннинг [336], В.К.Мюллер [359,360], Г.Шлегель [384,385], Ф.Хирт, Е.Н.Паркер [364], Э.Шаванн, П.Пельио [365], Ресейде П.С.Попов, В.П. Васильевтер [43] ерекше еңбек еткенін атап өткен жөн.

Турфан жазба мұраларын ашуға, әрі қарай оқып, аударып, ғылым айналымына енгізуге ұшан-теңіз күш жұмсаған ғалымдар А.Лекох,

А.фон.Гавайн, Б.Банг, В.К.Мюллер, О.Хансен, В.Б. Хеннинглердің еңбегінің алдында кейінгі ұрпақ қарыздар.

Орхон жазба ескерткіштерінің мәліметтерін тарихпен ұштастырып жұмыс жасаудың үлгісін ең алғаш рет В. Томсен 1896 жылы жарық көрген "Inscriptions de L'Orkhon" еңбегінде көрсетіп берді. Бұдан соң Г.Девир, В.В.Радлов, В.В. Бартольд, Э. Шаванн, Ф. Хирт, Э. Паркер, П.М. Мелиоранский, И. Шлегель, П. Пельио, И. Маркварт, Г.Е. Грумм-Гржимайлолар VI-XII ғасырдағы байырғы түрік саяси тарихының нұсқасын Орхон ескерткіштерінің мәтінімен қытай түпнұсқаларды салыстыру арқылы дәйектей алды.

Орхон ескерткіштерін ашу мен зерттеудің алғашқы кезеңі осымен аяқталды. Байырғы түрік рухани жазба мұраларын зерттеудің екінші кезеңі 1930 жылдардан басталды. Бұл кезеңде әлем түркітану ғылымына қосылған аса үлкен құнды еңбек М.Қашқаридің "Диван лұғат-ит-түрк" ("Түркі тілдер сөздігі") болды. 1072-1074 жылдары жазылған, 1265-1266 жылдары Дамаскіде қайта көшіріліп жазылған бұл еңбек В.Атлайдың дайындауымен 1934-1943 жылдары ғылыми айналымға түсті. Еңбектің шығуы байырғы түркі мәтіндерінің оқылуына үлкен өзгеріс әкелді.

Жоғарыдағы үш үлкен аймақтан басқа түріктанушы зерттеушілерді үміттендірген аймақ Орта Азия – Талас бойы еді. Бұл жерден кезінде В.А.Каллаур Айртам-ой жазуын тапқаннан кейін ғалымдар назарын аудара бастады.

Түркістан үйірмесінің өлкетанушылары (ТКЛИА) бірнеше жаңа жазулар тауып, оның алғашқыларын кезінде П.М.Мелиоранский (1897 ж.) [167;169], 1929 жылдан С.Е.Малов оқумен айналысты [157;158;161]. Қазіргі жағдайда Талас бойынан 30-дан астам, Қазақстан территориясынан 10-нан астам байырғы түрік руна жазуы табылып отыр. Бұл жазулардың оқу құпиясын ашуға С.Е.Малов [159;158;161], И.А.Батманов [30;31], Жұмағұлов [73;74], Ю.Немет [361.245-250] күш жұмсап келеді.

Руна жазуларының бесінші үлкен қоры Шығыс Еуропадан табылды. Бұл Дон, Кубань бойы. Шығыс Еуропа руна жазуларын табуға археологтар Н.Е.Макаренко [156], М.И.Артаманов [16], В.А.Кузнецов [128] іспетті зерттеушілер еңбек етті. Бұл жазуларды оқуға талпынған Ю.Немет [361;362], А.М.Щербак, М.А.Хабичев, И.А.Вавилов, С.Я.Байчоров [19], И.Л.Кызласовтар еді [132;133;282.22-28]. Өкініштісі, Шығыс Еуропа жазуы күні бүгінге дейін толыққанды оқылмай келеді. Оның себебі еуропаға өткен түркілердің байырғы руна жазу жүйесінің өзгеріске ұшырауына байланысты болып отыр.

Байырғы түркі рун жазуының алтыншы үлкен қоры Алтай жотасы. Бүгінгі күні Ресей территориясындағы таулы Алтайдан алпысқа жуық, Монгол Алтайдан жиырмадай жазу табылып отыр. Бұл жазуларды іздестіріп табуға атақты археолог Л.А.Евтюхова, Л.А.Киселев (Отчет о работах Саяно-Алтайской археологической экспедиции в 1935 г.), В.Д.Кубарев [124],



И.Л.Кызласов [130,135,136] атсалысса, Э.Р.Тенишев [249;250;251], К.Сейдакметов [241.95-101], В.М.Наделяев [282.82-84] ол жазуларды оқып ғылыми айналымға енгізді.

Міне, осы алты үлкен аймақтың жерінен байырғы түркі жазулары мол табылумен қатар, еуроцентрист зерттеушілер мойындамай, кейде руно іспеттес (руноподобное) жазулар деп атап жүрген біраз жазулар бар. Оларды еуроөзімшілдердің мойындамайтын себебі біріншіден, өздерінің күшпен белгілеген байырғы түркі руна жазуының бастау көзінің хронологиясы бұзылып кететін болғандықтан руна жазуының тобына енгізбейді; екіншіден, түркі этносы б.з. VII-XI ғасырлар аралығында ғана байырғы түркі руна жазуын қолданған. Одан бұрын түркілерде жазу сызу болмаған деген қатып қалған қағидасын өзгерткісі келмейді. Мұндай жазулардың тобына Есік қорғанынан табылған күміс ожау басындағы (археологтар күміс тостаған деп жүр. Ондай тостаған болмайды. Әрі ожаудың сабын дәнекерлеген табы сақталған – С.Қ.) руна жазуы, Шірік-рабат, Тэвш (Монголия), Хунну таңбалары, Күл-төбе, Алтын-асыр, Испарин т.т.с.с. жазулар кіреді.

1950 жылдан бастап бұрынғы Кеңес одағы, ҚХР және басқа социалистік елдерде археологияның эпиграфика саласы кең көлемде құлаш жая дами бастады. Осының нәтижесінде Еуразия құрлығында өмір сүріп, мекен еткен ежелгі және ерте Ортағасырлық көшпелілердің жазу, сызу өнерін іздестіруге, табуға, жариялауға, оның тарихи-мәдени мән-мағынасын ашуға ғалымдар ерекше атсалысты.

Бұл іске А.П.Окладников (1959,1964,1967,1971,1972,1974,1980,1981), В.Д.Запорожская (1959,1970), Л.Р.Кызласов (1969,1981), М.Қ.Қадырбаев (1977), А.Марьяшев (1977), Г.И.Пелих (1968), А.И.Мартынов (1971), Н.Л.Подольский (1966), А.Д.Грач (1957), А.Н.Бернштам (1948, 1952), Э.А.Новоградова (1975, 1984), Д.Дорж (1975), Н.Сэр-оджов (1987), Ц.Цэвэндорж (1978), М.А.Дэвлет (1976), қытайлық Гай Чан Лин (1980) т.т.с.с. зерттеушілер Еуразия континентінде ежелгі көшпелілердің тас бетіне сызып қалдырған суреттерін (петроглиф), таңбаларын, рәміздерін, жазуларын жинап, жариялады. Бұл бағытта Новосибирск археологтары, бұрынғы Кеңестер Одағы мен Монголияның тарихи-мәдени мұралар зерттеу біріккен экспедициясы, ҚХР-дың петроглиф зерттеу қоғамы аса үлкен рөл атқарғанын айта кеткен жөн. Зерттеулері Еуразия құрлығын мекендеген түркі этносының жазу өнерінің шығу тегін анықтауға тұғыр дерек болып отыр. Көп жылғы талмай еңбектенген зерттеу нәтижесінде эпиграфика тіл ғылымына жақындап, ежелгі жазу үлгісінің кілтін ашуға көмекке келді. Онымен қатар, ежелгі және байырғы жазу үлгілерін зерттеудің жаңа әдісі (метод) пайда болды. Тілдік бірлікті сараптаудан бұрын әуелі эпиграфикалық нақты түпнұсқа дайындау мәселесі алға шықты. Дұрыс әрі нақты түпнұсқа жазу үлгілерін ары қарай тереңдете сараптап, ондаған ғасырлар бұрын қолданыста болған тілдің ерекшелігін, құпиясын ашуға, бүгінгі тірі түрік тілдерінің тарихи даму жолын анықтауға мүмкіндік туды. Эпиграфиканың ғылыми әдіс-тәсілдері тілге, тілдікі эпиграфияға жол ашты. Осылайша, текстология

ғылымының жаңа саласы пайда болды. Бұған дейінгі текстология тек қана қағазға жазылып сақталған мәтін құжаттарды қалпына келтіріп, қыр-сырын анықтауға жарап келсе, енді қағаздан бұрын қолданыста болған тас, темір, ағаш, күміс, алтын, кірпіш, қыш бетіндегі қатты материалдарға жазылған деректерді жаңғырту міндеті алға қойылды.

Жазылған материалының ерекшелігіне сай оны көшіру, қалпына келтіріп жаңғырту әдіс-тәсілдері қағаздағы мәтіннен мүлдем өзгеше. Бұл салаға жоғарыдағы аты аталған археолог-эпиграфшы ғалымдардың сіңірген еңбегі зор. Тікелей түркі руникасына осы сала бойынша В.В. Радлов [203], Г.И. Рамстедт [206; 289], В.А. Котвич [120. 119], Е. Трярский [394; 396], Л.Р. Кызласов [139; 140], И.Л. Кызласов [133; 134; 132; 136; 137], И.В. Кормушин [113; 114. 25-47], Д.Д. Васильев [44; 45], М. Шинэху [271], Қ. Сартқожаұлы [220; 221; 224; 225; 268; 269] сияқты зерттеушілер өз үлесін қосты. Осылайша ежелгі және байырғы түркі жазба мұраларын тереңдете зерттеудің нәтижесінде археология ғылымының эпиграфика бөлімі текстологияның жаңа саласы болып қалыптасты.

1990 жылдардан эпиграфиялық зерттеу жасауға электрондық аппаратуралар көмекке келді. Енді барлық қара жұмыстар ысырылып, соңғы заманның жетілген технологиясын пайдаланатын мүмкіндік туып отыр.

Бұл кезеңде Х.Оркунның "Ескі түрік жазулары" (1932-1943), С.Е.Маловтың "Памятники древнетюркской письменности" (1951), "Енисейская письменность тюрков" (1952), "Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии" (1959) хрестоматиялық еңбектері дүниеге келді. Немістің атақты түркологы А.фон.Гавайннің "Байырғы түрік грамматикасы" (1941,1950) жазылып, екі қайта басылып шықты. Еңбек байырғы түрік рун, ұйғур, соғд, манихей, брахми әліпбиімен жазылған ерте Ортағасыр тілінің жалпылама грамматикасына арналған. Бұған дейін жоғарыдағы әліпбилердің бәрін қамтыған еңбек болмаған. Міне, сол ақтандақтың орнын А.фон.Гавайн ханым толтырды.

Байырғы түркі тілінің академиялық ең алғашқы грамматикасын өмірге әкелуге мұхиттың арғы жағындағы Индиан университетінде Т.Текин еңбектеніп жатса, көк түріктердің ежелгі отаны Азияның шоқтығы - әсем Алматыда Ғ.Айдаров талмай ізденумен болды.

Сөйтіп, 1969 жылы Т.Текиннің "Орхон грамматикасы", 1970 жылы Ғ.Айдаровтың "Язык Орхонских памятников древнетюркской письменности" деген атпен әлемде алғаш рет академиялық байырғы түрік грамматикасы оқырмандар қолына тиді. Осы екі грамматиканың жалғасындай үшінші кітап ленинградтық түрколог А.Н.Кононовтың "Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв." (1980) еңбегі жарыққа шықты. Т.Текин, Ғ.Айдаровтың грамматикасымен қатар 1969 жылы "Байырғы түркі сөздігі" өмірге келді. Осылайша, байырғы түркі тілі білімінің берік те бекем іргетасы



толық қаланып, түркология ғылымы әлемінің жетекші ғылымдар саласының қатарына қосылды.

1960 жылдардан байырғы түркі жазба мұраларын іздестіру, зерттеу жұмысы жоғарыда аталған 6 аймақта белсенді жүріле бастады. Соның нәтижесінде, Шығыс Еуропа жеріндегі рун жазуларының кілті ашылып, Талас, Енисей, Алтайдың майда жазуларының қоры молайып, монгол жерінен жаңа үлкен ұстындар табылып, Шығыс Түркістаннан қағазға жазылған фрагменттердің жаңа беттері ашылды.

Ғылымға қосылған аса үлкен сүбелі құндылық болушы тас бетіндегі суреттер, рәміздер, таңбалар Еуразия құрлығынан жинақталып, ғылыми айналымға түсе бастады. Бұл мұралар байырғы түркі руна жазуының тегін анықтауға аса үлкен көмегін тигізгенін ерекше атап өткеніміз жөн.

1892 жылы жарық көрген О.Гейкельдің Енисей жазуларының атласынан кейін 90 жылдан соң Д.Д.Васильевтің "Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея" еңбегі 1983 жылы жарыққа шықты. Бұл Д.Васильевтің ұзақ жылдар бойы тірнектеп жинап, бір жүйеге келтіріп, түпнұсқа эстампажы, фотосы және транслитерациясымен қоса жариялаған аса құнды еңбегі. Әлемнің әр түкпіріндегі байырғы түрік жазба мұраларын осылайша жинақтап шығару жалғасын тапса, ғылымға қосылған үлкен олжа болар еді. Мұндағы бір әттеген-ай аудармасы түсініктемесімен қоса берілмегені.

2005 жылы осы жолдардың авторы М.Жолдасбековпен бірігіп "Орхон ескерткіштерінің толық атласы" I томын жарыққа шығарды. Атласта түпнұсқа, фото, сызба суреттері, аударма, түсініктемесі толық берілген. Онымен қатар, бұған дейінгі зерттеушілердің кесе басқан кемшіліктерін толықтырып, жаңа ғылыми аудармасы жасалды. Әрине, кемшіліктер кеткен болуы әбден мүмкін. Ғылыми ортаның ескертпе сын пікірлері арқылы ары қарай толықтыруға мүмкіндік бар. Онымен қатар Атластың II, III томдары даярлану үстінде.

Аталған іргелі еңбектер жыл сайын жүздеген ғылыми мақалалармен, ондаған ғылыми зерттеу монографиялармен толығыда.

Автор Еуразия далалық аймағынан жинақталған, ежелгі және ерте Ортағасырда жазылып сақталған сызба, жазба құндылықтар мен жазу үлгілерін салыстыра сараптай отырып, байырғы түркі руна жазуының шығу тегін анықтауға, бұған дейін әлем түркологтарының зерттеулері мен сараптамаларына табан тірей отырып, байырғы түркі алфавитінің әрбір кескіндерінің хронологиясын белгілеп, фонетикалық ерекшелігін беруді мақсат тұтады.

## 1.2 Түрік графикасының шығу тегіне қатысты зерттеулер

Байырғы түрік бітіг жазуының құпиясы ашылған уақыттан оның шығу тегі қақында сөз бола бастады. Содан бері ғасырдан астам уақыт өтті. Осы аралықта зерттеушілер байырғы түрік бітіг жазуының шығу тегін төмендегі үш түрлі тұжырымда қарастырды. Онда:

1. Арамей жазуынан бас алған.
2. Соғды жазуынан шыққан.
3. Көшпелілердің төл туындысы.

Ғылыми ортада бел алып келген осы үш ұсыныстың әрқайсысын қарастыралық.

**1. Арамей болжамы.** Бұл болжамды (гипотеза) алғаш ұсынған ғалым В.Томсен. Ол арамей жазуының кескіндерін енисей, орхон бітіктерінің кескіндеріне ұқсата қарастыра отырып, біраз белгілер (знак) арамейлік емес екенін хабарлайды. Сөйтіп, арамей әліпбиін жаңғырта жасап, байырғы түрік тілінің дыбыстық құрылымына бейімдеп пайдаланған деген тұжырымға келген [390.7]. В.Томсен ұсынысын О.Доннер қолдай отырып, байырғы түрік бітіг жазуының ең жақын прототипі арамей жазуының әр түрлі варианттары дей келе, б.з.б. II –III ғ.ғ. мұрасы аршакид (Парфян) монетінің жазуын арамей мен түрік бітіг жазуының аралық шыжымы (звено) ретінде қарастырған [329.5,44]. Бұл екі ғалымның ұсынысын кейін П.М. Мелиоранский [168.47], А. Аманжолов [11.76-87] қолдады. Ал О. Прицак бізге белгісіз батыс семиттік қандай бір буын жазуы байырғы түрік бітігінің бас үлгісі (прототип) болған болуы мүмкін [367.84] деген тұжырым жасаған. А.М. Щербак бұл туралы соңғы еңбегінде "... хотя сам факт полного и частичного совпадения отдельных из них со знаками алфавитов, восходящих к арамейскому..." [282.50], - дейді. Соғды болжамын алғаш ұсынушы Р.Готье, "Көне жазу" деп аталатын соғды алфавитінің ежелгі вариантының әріп кескіндерін өзгертіп пайдалана отырып, түрік бітігін жасаған [316.5]. Кейін бұл болжамынан бас тартып, арамей алфавитінен түрік бітікке бас үлгі болған болуы мүмкін [382.525-526] деген тұжырым жасаған. Осылайша, академиялық және ғылыми басылымдарда байырғы түркі бітіг жазуы арамей алфавитінен бас үлгі етіп алды деген теория орнықты.

Арамей мен байырғы түркі бітіг және бітіг іспетті әріптерді салыстырып қарағанымызда арамейдің не бәрі (p), (š), (r<sup>2</sup>), x (d<sup>2</sup>), l (l<sup>1</sup>), (t<sup>2</sup>) деген 6 кескіні және әріптің мәні байырғы түрік әліпбиімен дөп келетіні дәлелденді. Арамейдің , , , , деген 5 кескіні байырғы түрік әрпімен ұқсас болғанымен, оның мәні байырғы түркі әліпбиінде басқаша берілген. Бұл 11 кескінді арамей әліпбиінен алды деп күшпен ұқсаттық делік. Өйтсе, байырғы түркінің 39 әрпінің қалған 28 кескінін қайда қоямыз? Сондықтан бұл ұсыныс кейінгі ғалымдарды қанағаттандыра алмайды.

**II. Соғды болжамы.** 1889 жылы орыс зерттеушісі Н.М. Ядринцев Орталық Монголия Орхон дариясының жағасына орналасқан Орда-балықтан (Қарабалғасун) үш тілді (триумфальный) жазба ұстын тапты. Онда, қытай,



соғды, байырғы түрік бітіг жазуымен жазылған мәтін қашалған еді. Міне, осыдан кейін батыс зерттеушілері Ф.-В.-К. Мюллер, А.Лекок, Р.Готью, Г.Рейхельт, О.Хансен К.-Г. Залеман, Ф.Андреас, В.Хеннинглер 1902 жылдан бастап Шығыс Түркістан жерінен соғды тілінде, соғды әліпбиімен жазылған көптеген кітаптар мен фрагменттерді тауып ғылыми айналымға түсірді. Соғды мұраларының көбі манихей, христиан, будда діндерінің уағыздарын аударып насихаттаған діни материалдар. Хронологиясы б.з. VI-XIII ғ.ғ. аралығын қамтиды. Осылайша ерте орта ғасырлық фарс тобының соғды тілі Орта Азия халықтарының арасына рухани мәдениет таратушы тілге айналған, Орта Азияда өмір сүруші әр түрлі этностар мен ұлттар арасында аса үлкен таралымға ие болған халықаралық дәрежеге көтерілген тіл деген тұжырым жасауға мүмкіндік туғызып отыр.

Соғдылар Орталық Азия мен Орта Азия халықтары арасында сауда қатынасын дамытуға үлкен үлес қосқан халық. Осы артықшылықтарды еске ала отырып Р.Готью, байырғы түркі бітіг жазуы "көне соғды жазуынан" пайда болған деген тұжырымға келген. Р.Готью көне түркі бітіг әліпбиінің 12 таңбасын соғды әріптерімен ұйқастырған. Онда: а/ä < с(соғды)=алеф; і/ i < с.у; о/и < с.у; b/v<sup>1</sup>.c < β; d<sup>1</sup> < с. δ; i<sup>1</sup> < с.δ; k(k<sup>2</sup>) < с.k; m < с.m; n<sup>1</sup> < с.n; p < с.p; r < с.r; t<sup>2</sup> < с.t. Онымен қатар Р.Готью байырғы түркінің мына әріптері соғды әріп кескіндерімен жақын болуы мүмкіндігін салыстыра қарастырған: ү(g<sup>1</sup>)=с.h; η=с.ү; z=с.z; s<sup>1</sup>=с.s; š=с.š [316.5].

Согдиолог Р.Готью ойланбай ұсынған бұл тұжырымынан кейін бас тартты. Өйткені, ол "көне соғды жазуын" алғаш рет б.з.б. I ғасырда пайдалана бастаған деген түсінікте еді. Демек, б.з.I ғасырынан б.з.VII ғасыр аралығындағы уақыттық қашықтық дөп келмейді. Онымен қатар көне соғды жазуымен байырғы түрік әліпбиінің ұқсастығы тым алыс екеніне көз жеткізген. Сөйтіп Р.Готью: "Поэтому, естественно допустить, что рунически алфавит ведет свое начало не от "старого" согдийского письма и не от того небольшого количества знаков, которое имелось в нем, а от разновидности его с двадцатью пятью знаками, из которых двадцать два арамейские и три дополнительные" [382.526] деген тұжырым жасаған. Демек, Р.Готьюның ұсынысындағы арамей мен байырғы түрік графикасының ұқсас кескіндері 22 емес, 11 екенін жоғарыда біз атап өттік.

Р. Готьюның соғды болжалына талдау жасай келіп, В.А.Лившиц: "Поиски согдийских прототипов для других рунических знаков затруднены прежде всего вследствие различий в качестве графем. Некоторые знаки, очевидно, вообще не имели согдийских прототипов и были изобретены в процесс создание руники. Это кажется наиболее вероятным для 7 орхонских знаков – lt<sup>1</sup>, nč, nł, ič/ič, ič/qi, oq (qo)/uq (qu), ök (kö)/ük (kü), которые можно отнести к "периферийным", поскольку они обозначают только сочетания фонем. Однако возведение к согдийским прототипам только 12 (или 17) из 31 графемы, составляющих "ядро" рунического алфавита, ставило под сомнение

согдийскую гипотезу" [154.8] деп, Р.Готьюның соғды болжамының әлсіз тұстарын көрсете отырып, өзінің ұсынысын білдірген.

Соғды болжамын белсенді қолдап келген тағы бір түркітанушы Г. Клоссон. Ол байырғы түркі бітіг жазуының шығу тегін соғды, пехлеви, бактрия сияқты ерте орта ғасырлық фарс әліпбилерінен іздестірген. Г. Клоссон байырғы түрік жазуын VI ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданған деген тұжырым жасаған. Батыс елдермен дипломатиялық қатынас жасау қажеттілігінен туындаған деп келеді. Г. Клоссон өзіне дейін соғды бағытын ұстанған Р. Готью, В. Томсендердің "соғдының көне жазуынан" туындатқан тұжырымдамасын ары қарай тереңдете дамытуды ойлаған [89.136-157].

Г. Клоссон "көне соғды жазуынан" байырғы түркінің а/ä, o/u, b/v<sup>1</sup>, q (k<sup>1</sup>=x/k<sup>1</sup>), l<sup>1</sup>, n<sup>1</sup>, r<sup>1</sup>, s<sup>1</sup>; r (r<sup>2</sup>), m, ç, p деген 12 таңбаны; пехлеви жазуынан i/i, d<sup>1</sup>, t<sup>1</sup>, š деген 4 дыбыс таңбасын; грек-бактриялық жазуынан g (g<sup>2</sup>), y<sup>2</sup>, l<sup>2</sup>, n<sup>2</sup>, r<sup>2</sup>, s<sup>2</sup>, t<sup>2</sup>, b<sup>2</sup>, d<sup>2</sup>, z, ö/ü деген 11 таңбаны алды [89.147-157] деген үзілді – кесілді тұжырым жасаған. Сөйтіп, ол байырғы түріктің жуан айтылатын дыбыстарды белгілейтін таңбасының бас үлгісі (прототип) соғдылық "көне жазудан" жіңішке айтылатын дыбыстардың бас үлгісі грек-бактрия әліпбиінен алынған етіп жасап шығарған. Онымен тынбай Г. Клоссон енисей жазбаларындағы (e) гректің альфасы, D пиктограмма, (y), (j(ñ), (n) кескіндегі түріктердің өздерінің шығармашылығынан туындаған таңбалар деген қорытынды жасайды. Бұл арада Г.Клоссонның жасаған № S таблициясындағы № 9.13 реттегі N, X деген байырғы түрік екі таңбалары соғды кескінімен дәл келеді. Г.Клоссон дәйектеген барлық 45 таңбаның 42 кескіні бір-біріне мүлдем ұқсамайды (Қараңыз. Қосымша. Кесте №1). Осылайша, Г.Клоссонның болжамы гетерогендік (әр тектілік) сипатта болуы, әрі олардың бір-біріне ұқсамайтын алшақтығы, байырғы түркі графикасының бас үлгісі (графический прототип) ретінде ұсынған тұжырымы ғылыми негізсіз екенін көрсетеді. Соғды болжамын ұстанатын зерттеушілер С.Г. Кляшторный, А.М.Щербактар ресейлік согдиолог В.А.Лившицтің тұжырымын қуаттап қабылдаумен келеді. В.А.Лившиц байырғы түркі бітіг жазуы б.з.VII ғасырынан бас алады деген түсінікте. Одан бұрын түркі бітіг жазуы болды дегенді ұйғармайды да, ұйғарғысы келмейді. Өйтсе, согдиолог В.А.Лившицтің ұсынысымен танысалық. В.А.Лившиц: "Исходным прототипами для подавляющего большинства рун послужили скорее всего буквы согдийского курсивного письма, известного по памятникам уже V-VI в.в; именно такое письмо выступает в бугутской надписи" [154.9] - дейді. В.А.Лившицтің алдындағы зерттеушілер "көне соғды жазуынан" бас үлгі алған деген тұжырымда болса, бұл зерттеуші соғдының жазба (курсивный) жазуын бас үлгі еткен деген ұсыныс білдіреді. Ол: "Творцы руники могли использовать и зеркальные отражения графических прототипов, а также изменять направление составляющих их линии; в нескольких случаях разные рунические знаки могли быть созданы из позиционных вариантов одних и тех же согдийских букв" [154.9-11] дей келіп, соғды жазба жазуының әріп



кескіндерін олай-бұлай аунатып, оны айнаға түскен күн сәулесімен шағылыстырып, әйтеуір әуре болып жүріп, байырғы түрік таңбаларын төмендегідей етіп жасап шығарған.

Онда:  $a/\ddot{a} < c.$ алеф;  $i/i < c.$ у;  $o/u < \omega$  ("көне жазу кескіні"),  $y^1/y^2 < c.$ у;  $b/v^1 < c.$ β,р,ф;  $p < c.$ р;  $\check{c} < c.$ č,ĵ;  $d^2 < c.$ б (ұйғыр жазу кескіні);  $I^1/I^2 < c.$ б;  $q/k^1 < c.$ х (ұйғыр жазу кескіні);  $k(k^2) < c.$ к;  $m < c.$ м;  $n^1/n^2 < c.$ н;  $z < c.$ з;  $r^1 < c.$ р;  $s^1 < c.$ с;  $\check{s} < c.$ š;  $t < c.$ т; деп салыстыра күшпен ұқсата келіп, соғды әліпбиінің жазба кескініне ("курсивный письмо") дәл келмейтін, күдікті әріптерге төменгі 5 таңбаны жатқызады. Олар:  $g^2 < c.$ к (ср.№16);  $s^2 < c.$ h?(№25);  $t^1$ (№27);  $ү < c.$  ү? (№14);  $r^2 < c.$ р (№23). Ал Пенджикент қирандысынан табылған  $d^1 < c.$ d кескіні екенінде талас жоқ деген ұшқары тұжырымға барған (Қараңыз. В.А.Лившиц жасаған кесте №2; қосымша) [154.11-13]. Көріп отырсыздар, В.А.Лившиц салыстырмасында соғды жазуының 8,15,18 нөмірлі кескіндерді күшпен таңып байырғы түркі бітіг жазуымен салыстыруға болар еді. Демек, оның өзі күмәнді. Ал басқа таңбалар өзара бір-біріне мүлде ұқсамайды. Соғдытануда барынша еңбектеніп жүрген В.А.Лившиц осыншама жеңіл тұжырым жасап, ғылыми емес қорытындыға барғанына таңқалғаннан басқа шара жоқ. В.А.Лившиц, б.з. 582 – жылы Таспар – қағанның құрметіне қойылған Бұғыты ұстынын, соғды әліпбиінен түрік бітіг жазуы шыққанын айғақтайтын дерек ретінде алға тартқан. Оның сыртында В.А.Лившиц түрік бітіг жазуының ең көнесі Орхон мұралары дей отырып, олардың хронологиясын VIII-X ғасырмен белгілейді. Мұндай жағдайда төмендегідей сұрақ туындайды.

- Таспар – қаған ескерткішінің бір беті, одан бұрынғы Күйіс – толғай ескерткіші брахми әліпбиімен жазылған. Бұған қарап түрік бітіг жазуын брахмиден шықты деп айтуға бола қоймас.

- Соғдының 22 әріп кескіннен Орхонның 22 әріпі шыққан болса, қалған әріптерді қайдан алған?

- Таспар – қаған ескерткіші қойылғаннан кейінгі 150 (оның 50 жылы қытайдың Таң империясының қол астында өткен) ішінде соғды жазуы түрік бітіг жазуы болып қалайша тез қалыптасқан?

- Соғды жазуын түрік бітіг жазуына айналдырғанда түркілер күннің сәулесін айнаның бетіне сындырып түсіретін ерекшелігін пайдаланды дейді. Ол заманда барлық әріптерді айнаға түсіріп, сәуленің шағылысу қасиеттерін пайдалана отырып сызу сызатындай әдіс амалды түріктер меңгерді ме екен? Мүмкін, сол заманда түріктер қола айнадан да аспаған болар.

- Соғды әріптерді сәуле арқылы сындырып, ақ тер көк тер болып жүргенше неге сол қалпында ала салмаған?

- Соғды жазуы әріп арасын қосып жазатын курсивтік (жазба) жазу. Байырғы түрік бітіг жазуы ойма жазу (лапидарный). Байырғы түрік жазуы оңнан солға қарай бағыттталып, әрбір кескіндер бөлек-бөлек жазылады. Ал, соғды жазуы оңнан солға қарай жалғастырып жазылады.

- Түркі тілінің сингармонизм заңдылығы соғды тілінде жоқ. Осы сингармонизм заңы бойынша дауыссыз дыбыстарды консонантизм

заңдылығына бағындырып, бір әріптің екі түрмен берген ерекшелігін қалай үйлестірген деген сияқты сұрақтар туындайды.

Сондықтан, В.А.Лившицтің бұл болжалы ғалымдарды тағы да қанағаттандыра алмады. Әрине, бұл ұсыныс өзі болжал (гипотеза), өзі күшпен құрастырып, ойдан жасаған ұсыныс болғандықтан көптеген зерттеушілердің сынына ұшырады [280.42-61]. В.А.Лившицтің осы ағаттығын жақсы түсінген А.М.Щербак оған кешіріммен қарап: "...поиски прототипов рунических знаков в определенной мере беспредметны..." - деген қорытынды жасаған [280.50]. Түріктанушы А.М.Щербак байырғы түрік бітіг жазуын түріктерде б.з. VII-X ғ.ғ. аралығында биліктің тапсырмасымен жасалған әліпби деп көреді. А.М.Щербак "көне соғды жазуын" және жазба (курсивный) жазуын өзгертпестен сол қалпымен түріктер бітіг жазуынан бұрын, әрі онымен қатар қолданғанын сөз ете отырып, соғды жазуы түрік бітіг жазуының түп төркіні (прототип) болмағанымен, жанама әсері болғанын жоққа шығармайды [280.50]. А.М.Щербак жоғарыдағы ғалымдардың еңбегіне талдау жасай отырып, мынандай қорытындыға келген. Онда: "Прозрачная материальная близость к согдийскому алфавиту категорически исключилась и целевым заданием и характером используемого материала, и тем, что согдийский алфавит являлся или, по крайней мере, становился общеупотребительной системой письма древних тюрок, хотя и в несколько преобразованном виде" [280.50] - деп, соғды теориясынан бас тарта отырып, түріктердің өздерінің шығармашылық еңбегінің нәтижесі екенін айтуға аузы бармаған. Байырғы түркілердің бітіг жазуының түп төркініне байланысты А.М.Щербак іспетті зерттеушінің бұлайша ой қортуы үлкен прогресс. Бұл түріктердің шығармашылығын мойындауда батыс зерттеушілерінің бет бұра бастағанының дәлелі болмақ. Осылайша байырғы түрік бітіг жазуының бас үлгісі соғды графикасы болған болу керек деген тұжырым ғалымдардың қолдауын таппады. Байырғы түркі әліпбиін арамей немесе иран тілді халықтардың пехлеви, хорезм, соғды алфавиттерінің әсерінен пайда болған деп тұжырым жасаушы зерттеушілер, бұл жазудың әріп кескіндері ту баста әріпке арналған немесе фонемограммалық деген қорытынды жасауға дейін барды.

Түркі бітіг жазуының түп төркіні соғды жазуы деп тұжырымдаушы зерттеушілердің негізгі теориялық қателігі төмендегідей. Онда:

- Түркі халықтары бітіг жазуын б.з. VI-X ғасырлар арасында ғана қолданған.

- Бітіг жазуы Түркі қағанатының билік басындағылардың тапсырысымен жасалған. Ғасырлар бойы қолданыста болып сұрыпталмаған, жалғасын тауып дәстүрге айналмаған, уақытша акт іспеттес жоғарыдан таңған дүние [280.49-53].

- Б.з. VI-VII ғ.ғ.-ға дейін түрік бітіг жазуы болмаған.

Ежелгі және байырғы түріктердің шығармашылық потенциялын мүлдем жоққа шығарып, сол арқылы түрік өркениеті деген ұғымды әлем тарихынан сызып тастауды ойластырған бағытта болды. Бұл қорытындыға